

12 Практикалық жұмыс

Халықаралық табиғи ресурстарға сипаттама

Қарастырылатын сұрақтар: құқық қорғау, тәртіп бұзушылық, жауапкершілік.

Мақсаты: Қоршаған ортаның осы кездегі проблемалары, оларды шешу тәсілдері мен бағыттары туралы түсінік беру;

Дәріс мазмұны:

1. Халықаралық табиғи ресурстар (*атмосфера, Дүниежүзілік мұхит, Антарктида т.б.*).

2. Халықаралық құқық принциптері

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негіздері.

Әдебиеттер: Коробкин В.И., Передельский Л.В. Экология в вопросах и ответах. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. - с.354-365; Степановских, 188-235; Космос, атмосфера, Дүниежүзілік мұхит, Антарктида Халықаралық объектілер болып есептеледі.

Әлем материгі – Антарктиданы қорғау туралы халықаралық келісім 1959 жылы жасалды.

Қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздері Экологиялық кодексте (2007 жыл 09 қаңтар) ерекше атап өтілген: «Қоршаған ортаны қорғау – қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі» деп анықтама беріледі.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының негізгі принциптері болып «Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету саналады». Қазақстан орнықты дамуының экологиялық негіздері «Экологиялық кодекстің» 4-бапында негізделген. Бұл бапта Қазақстан Республикасының орнықты дамуының 11-негізі атап көрсетіледі.

Қоршаған ортаның қорғау объектілері болып Жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары, атмосфералық ауа, ормандар өзге де өсімдіктер, жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры, табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озон қабаты есептеледі. Бұл объектілер жойылудан, тозудан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды әсерден қорғалуы тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау дегеніміз - қоршаған ортаны ластанудан қорғауға бағытталған жұмыстар жиынтығы.

3. ХХ ғасырдың 70-80ж.адамзат биосфера дамуына алаңдатушылық танытты. Түрлі қоғамдық ұйымдар пайда бола бастады. Қазіргі заманғы экологиялық концепция ХХғ. 70ж.Рим клубының жазбалары түрінде пайда болды. 1968ж. итальян кәсіпкері Аурелио Печчеи ұсынысымен (10 елден 30 адам) адамзат болашағын талқылауға шақырды. «Адамзат қиыншылығы» тақырыбында көптеген баяндамалар жасалды.

1972ж. Донелла және Денис Медоуз «Өсу шегі» деп аталатын кітап басып шығарды. Егер Жер бетінде даму осылай жалғаса берсе, 75 жылдан кейін коллапс – ғаламдық экологиялық катастрофа болатынына назар аудару керектігін айтты. 1974 ж. «Шекті әлемде өсу динамикасы» атты кітап жарық көрді. Бұл жазбаларда адамзат дамуының моделін жасағанда елдердің даму темпін ескерген жоқ. Жер бетінде халық саны күрт артуда. 1999 ж. шілде айында Жер бетінде 6-млрд. тұрғын тіркелді. Жер бетіндегі халық саны, шамамен 6 млрд адам.

«Рим клубының» жазбалары деген атпен бірнеше баяндамалар басылды: «Адамзат таңдау алдында», «Әлемдік тәртіпті қайта құру», «Ғаламдық қоғам мақсаты» т.б.

Экологияда жаңа әдіс - глобалды модельдеу негізін салған – Дж.Форрестер. Есептегіш машиналарды және соңғы деректерді пайдалана отырып Жердің даму сценарийінің 10 ғаламдық модельдері жасалды. Негізгілері болып Форрестер моделі, Медоуз және басқалар моделі, Мессарович-Пестелл моделі және Глобал-2000 моделі есептеледі.

Алдымен Жер шары халқын тұрақтандыру бағдарламасы жасалды. Бұл бағдарламада өндірістің дамуын шекті рұқсат етіліп, ауыл шаруашылық жерлерді деградациядан қорғау, өнімділікті арттыру, өнім сапасын көтеру, ластануын болдырмау бағытындағы жұмыстар жүргізу, ресурс үнемдеуші технологияларды жүзеге асыру жолдары қарастырылған. Сөйтіп биосфераның ассимиляциялық сыйымдылығының мөлшері анықталды. Сценарий бойынша 2100 жылға дейін Жер бетінде 7,7 млрд-қа жететін адамзатқа қолайлы тіршілік жағдай жасау мүмкін болатыны есептелді. Авторлар оптимистік тұрғыдан «тұрақты қоғам құру технологиялық және экономикалық тұрғыдан әлі де мүмкін дейді. Әрине мұндай қоғам құру егер аталған шараларды жүзеге асырғанда ғана мүмкін болады. Әйтпесе ғаламдық экологиялық катастрофа болуы әбден мүмкін» деп атап көрсетеді.

Тапсырма:

1. Халықаралық құқық принциптері
2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негіздері.
3. Қоршаған ортаның қорғау объектілеріне сипаттама